

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы әкімдігінің 2020 жылғы 10 сәуірдегі № 64 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 15 сәуірде № 7056 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 17 бабының 1-1) тармақшасына, 69 бабының 4 тармағына және 71-1 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Әйтеке би ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Соколов-Сарыбай кен-байыту өндірістік бірлестігі" акционерлік қоғамымен пайдалы қазбаларды барлау жұмыстарын жүргізу үшін, Әйтеке би ауданының "Ырғыз тобы", "Миялы-Жомартамола" уаскелерінде орналасқан жалпы алаңы 30204,29 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай, 2025 жылдың 22 шілдесіне дейінгі мерзімге қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Әйтеке би аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада көрсетілген тәртіппен.

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Әйтеке би ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Әйтеке би ауданының әкімі*

*Д. Ермаганбетов*